

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.104-107

## **АСТЫҚ ӨНДІРІСІН ДАМУ - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ КЕПІЛІ**

*Мұханбетжан Ж.*

Ауыл шаруашылығын дамытуда шешуші орынды астық шаруашылығы алады. Астық өндірісі – бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі. Астық шаруашылығы деңгейі ауыл шаруашылығының басқа да салаларының дамуымен тығыз байланысты, яғни халықты нан өнімдерімен ғана емес, етпен, сүтпен және басқа да ауыл шаруашылық азық-түліктермен қамтамасыз ету осы саланың өсу қарқынына да тәуелді. Астық бағалы азық-түлік болып табылады.

Ауылшаруашылық өндірісі АӨК орталық және негізгі саласы болып табылады, себебі оның даму деңгейінен оның барлық салаларының дамуы тәуелді. Жоғары дамыған ауыл шаруашылық өндіріс жеңіл және тамақ өнеркәсібінде жаңа өндірістердің дамуының, елдің азық-түліктің қауіпсіздігінің сақталуының негізі.

Бүгінгі күні ең маңызды мәселе – Қазақстанда астық өндірісін тұрақтандыру. Сондықтан, астық өндірудің технологиялық аспектілерін және астық өндіру салаласындағы жаһандық бәсекелестік жағдайларды ескере отырып, оны заманауи талаптарға сәйкестендіру үшін терең зерттеу қажет. Жалпы, дүние жүзінің қай мемлекетін алып қарасаңыз да, ауыл шаруашылығы бағдарламаларында астық өндіру мәселесі бірінші болып тұрады. Сондықтан да астық өндіруарығы экономикалық қатынастарды дамытуда өзіндік маңызымен ерекшеленеді.

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауының төртінші бөлімінде- аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы қажет. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс. Сонымен қатар, астық өнімдері бойынша біз Еуразияда «нан кәрзеңкесі» болуымыз керек. Шикізат өндірісінен сапалы өңделген өнім шығаруға көшу қажет. Тек сонда ғана біз халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола аламыз" делінген.

Қазіргі кезде мемлекет қолдауының нәтижесінде экономиканың аграрлық секторы динамикалық жағынан біртіндеп дамуда. Бұл әсіресе астық саласында байқалады. Егістік алқаптары кеңейіп, ішкі нарықтағы бағалар

тұрақталуда. Дегенмен, астық саласындағы оң шешімдермен қатар, кейбір зерттеуді қажет ететін мәселелер де бар.

Мысалы, астық шаруашылығы дақылдары өнімділігінің бірқалыпты тұрақты даму қарқынының сақталмауы (соңғы жылдардағы аграрлық өнім өндірісінің өсімі экстенсивті факторлар әсерінен, әсіресе, егістік алқабының артуы есебінен қамтамасыз етілуде); астық нарығының ұйымдық - экономикалық механизмдерінің жетілмеуі; астық өндірісі құрылымындағы теңсіздік; ауыл шаруашылық шикізаттарын өнеркәсіптік өндеудің жеткіліксіз деңгейі; материалды-техникалық ресурстар мен қызметтерге бағаның диспаритеті; отандық ауыл шаруашылық өнім өндірушілерінің табыс деңгейінің төмендеуі секілді жағымсыз іс-әрекеттерді тудыруда. Осыған байланысты салааралық экономикалық қатынастарда астық шаруашылығын біртіндеп қалпына келтіру үшін аталған мәселелер нақты шешу тетіктерін талап етеді.

Нарықтық экономикада аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі батыс елдерінің тәжірибесінде дәлелденген. Онда мемлекеттік қолдаудың түрлі жүйесі қалыптасқан. Солтүстік Америка және ЕС елдерінде ауыл шаруашылығын қолдау деңгейі Қазақстанмен салыстырғанда біршама артық екені мәлім [1]. Елбасының ағымдағы жылғы Жолдауындағы "Тиімді мемлекеттік астық саясатын қалыптастыру мен дамыту елді әлемдік қуатты астық державасына айналдыруға қабілетті" деген. Демек, Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласы дамыған мемлекеттер тәжірибесі анықтап отырғандай, тікелей мемлекеттік қолдауға ие бола отырып, Еуразиядағы ең мықты астық өндіруші елге айналады деп есептейміз. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы тек өнім ғана өндіріп қоймайды, сонымен қатар болашақта азық-түліктің жетіспеу мүмкіншілігімен байланысты қауіпті азайта отырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Себебі, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстанның алдағы 10 жылдағы маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болған. Сонымен қатар, еліміздегі азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі Елбасының «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Жолдауында да нақты көрсетілген. Онда АӨК-нің дамуы ел үшін маңызды екі міндетті: яғни, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және экспортты диверсификациялау мәселелерін шешетіндігі көрсетілген [3]. Мемлекеттік деңгейдегі аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін кем дегенде екі альтернативті жол бар, олар: отандық ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді қолдау; импорт есебінен сақтандыру қорларын құру керек екендігі де кейбір ғалымдармен зерттелген [2].

Қазақстан қазірдің өзінде астық өндіруден ірі экспортшы болып табылады, ал ұн экспорттаудан екінші жыл қатарымен әлемде бірінші орынды иеленді. Қазақстан жақсы өнімнің арқасында бағаны тұрақтандыру бойынша Орталық Азияның, Ресейдің, Таяу Шығыстың, Еуропа мен Кавказдың нарығында өзінің мүмкіншілігін нығайта алды және іргелес аудандарда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарында жеке басымдығын жақсартта алды [4].

Еліміздің аграрлық саласындағы экономикалық түрленулердің қазіргі кезеңінде шаруашылық жүргізудің барлық жүйесін әлеуметті- экономикалық жағдайды және әлемдік тәжірибенің жетістіктерін ескере отырып жетілдіру қажеттілігі туындайды. Ауыл шаруашылық өндірістің тиімділігін арттырудың басты алғы шарты технологиялық модернизация және капитал салымдарын тиімді пайдалану болып табылады. Бүгінгі таңда жоғары өнімді техника, жаңа технология пайдаланбай, экономикалық қатынастардың жаңа жүйесін құрмай ауылшаруашылық өнім өндірушілердің тиімділігі мен бәсекегеқабілеттілігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Ал ол үшін үлкен инвестициялар қажет. Бірақ, ауыл шаруашылығы инвесторлер үшін тартымды сала болып табылмайды. Ауыл шаруашылығының инвесторлер үшін төмен тартымдылығының бірден бір себебі ірі кәсіпорындар мен интеграцияланған құрылымдардың азаюы болып табылады.

Стратегияда белгіленген ауыл шаруашылығын модернизациялаудың, оның дамуын жеделдетудің басымдықтары толық қанды жүзеге асырылмайды егер осы саланың барлық шаруашылық жүргізушілері инновациялық қызметін белсендірмесе. Стратегияда белгіленген басымдықтарды жүзеге асыру үшін және Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық кешенінің субъектілерінің бәсекегеқабілеттілігін арттыруға жағдайлар қалыптастыру үшін «Агробизнес – 2020» бағдарламасы өңделді. Бағдарламада айқындалған негізгі бағыттар:

- 1) АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру;
- 2) АӨК субъектілері үшін тауар және қызметтердің экономикалық қол жетімділігін арттыру;
- 3) АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамыту;
- 4) АӨК мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру [5].

Бағдарламалық реттеу - мемлекеттің аграрлық сектордың дамуына белсенді ықпал етуінің маңызды түрі. Макроэкономикалық сипаттағы бағдарламалар белгілі бір салалар ішіндегі экономикалық жағдайларға әсер ете отыра, салалар мен экономиканың маңызды пропорциясын реттейді және болжайды. Осылайша, ҚР-ның ауылдық территорияларының дамуының 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңінде (2004-2006 жылдар) ауылдық елді мекендер экономикасының қарқынды өсуіне қол жеткізуге бағытталды, екінші кезеңінде (2007-2010 жылдар) – ауыл тұрғындарын өмір сүруге қолайлы басымдықтары бар аудандарға орналастыруға бағытталды [6]. Ал қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешен бойынша «Агробизнес – 2017» Бағдарламасы қолданыста жүр.

Осылайша, аграрлық секторды мемлекеттік реттеу ұғымын мемлекеттің өніріске, ауылшаруашылығы өнімдері және шикізат пен азық-түлікті қайта өңдеу мен жүзеге асыруға экономикалық әсер ету ретінде, агроөнеркәсіптік өндіріске өндірістік-техникалық қызмет ету және материалды-техникалық қамтамасыз ету ретінде елестетуге болады, сонымен қатар ауылдық территориялардың ифрақұрылымын дамыту және ауылдық елді мекендерде

өмір сүру деңгейін арттыру бойынша шаралар жүйесін жорамалдайды.

Сонымен қатар жыл сайын ауыл шаруашылық кешенін дамытуға бөлінген бюджеттік қаражаттың да көлемі артуда, тек 2011 жылы республикалық бюджет тарапынан 100-ден астам млрд. теңге жұмсалды, соның ішінде 45 млрд. өндірісті субсидиялау. Одан бөлек ҚР Ұлттық қорынан «Ұлттық холдинг КазАгро» АҚ инвестициялық жобаларын несиелеуге 120 млрд. теңге бөлінді. Мемлекеттің инвестициялық саясатының арқасында аталмыш АҚ институттарының қаражаты есебінен азық-түліктік қамтамасыз ету жобалары жүзеге асырылуда [7].

Республикада ауыл шаруашылығын реттеуде қолданылатын нақты механизмдер жиынтығы әзірге шектеулі. Мемлекеттік реттеудің көптеген қызметтері іс жүзінде жүзеге асырылмайды. Бұл бағаны реттеуге, өндірістің экологиялылығын ынталандыруға, ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз етуге байланысты болып келеді. Мемлекеттік реттеудің нақты механизмдерін таңдауда республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды, дағдарыс жағдайындағы агроазық-түліктік саясаттың міндеттерін, басымдықтарын ескерген жөн, сонымен қатар мемлекеттің қызығушылығының және ауылшаруашылығы тауарын өндірушілердің балансын сақтаған жөн.

Астық өндіруде астық мөлшері мен көлемін бақылай отырып монокристалды және поликристалды заттарды қосу әдісін қолдана отырып астықтың өнімділігін көбейтуге болады [8].

Ауыл шаруашылық өндірісінің жоғары қарқынмен дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік деңгейде біраз кезек күтірмейтін шараларды жүзеге асыру қажет.

- Отандық азық-түлік базарын дамыту, оның бәсекелестік қабілетін арттыру мәселерін шешу үшін, оның импортқа тәуелділігін, әсіресе республикада көп көлемде өндірілетін өнімдер бойынша кеміту қажет.

- Азық-түлік кооперациялары, астық компаниялары, делдалдар ауыл тұрғындарынан сатып алатын шикізатпен сауда кәсіпорындары арқылы сатылатын өнімдердің бөлшек сауда бағасы арасында тепе-теңдіктің жоқтығын болдыртпау

- Ауыл тауар өндірушілердің қаржылық жағдайын нығайтудың маңызды шарасының бірі баға тепе-теңдігінің бұзылуынан туындайтын шығынды азайту.

- Ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілер өнімді сатуда елеулі қиыншылықтарға ұшырап отырғандықтан, үкімет өкілеттік берген заңды тұлғалар арқылы ауыл шаруашылық өнімдерін сатуда кепіл болған жөн.

- Астық шаруашылығының жағдайын түбегейлі жақсарту мақсатында республикада астық шаруашылығының басқарудың біртұтас орталығын құру қажеттігі туындап отыр, оған асықты тазалау, даярлау, сақтау, тасымалдау, тұқым сапасын бақылау ісін, сондай-ақ ауыл шаруашылығына инвестициялық қолдау жасау, тұқымға баға тағайындау, салықты анықтау т.б. жауапкершілікті қарастыру қажет [9].

### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың Қазақстан еліне Жолдауы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
2. Даниленко Л. Обоснование необходимости государственного регулирования аграрного сектора // АПК: экономика, управление. – 2006. - №3. – С. 43-46.
3. Калабаева А. Продовольственная опасность. Казахстан находится в опасной зависимости от импорта продуктов питания [Электронный ресурс]. – Электрон. газ. – 8 июля 2009года. -Режим доступа : <http://www.liter.kz>
4. Лукичев П. М. Государственное регулирование аграрной сферы. — СПб: НИ ИХ СПбГУ, 1999.
5. Логинов Д.А. Модель развития маркетинговой деятельности в АПК// Экономика сельскохозяйственных предприятий. – 2002. - № 2. – С. 23.
6. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 18.02.2013ж. № 151Жарлығымен бекітілген «Агробизнес - 2020» Бағдарламасы.
7. Государственная программа развития сельских территорий Республики Казахстан на 2004-2010 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 10 июля 2003 года № 1149
8. Minoru Imaeda, Yoshinari Kozuka, Soichiro Matsuzawa. Discontinuous Grain Growth and the Grain Boundary in a Solid-Solid Reaction Growth Method for Ferrite Single Crystals. [Grain Boundary Controlled Properties of Fine Ceramics](#)pp 13-18
9. «Ұлттық басқарушы холдинг «ҚазАгро» АҚ ресми сайты // [www.kazagro.kz](http://www.kazagro.kz)

*Ғылыми жетекші: Аленова Қ.Т. э.ғ.д., профессор*